**«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК жиналысының №3 ХАТТАМАСЫ**

**Шымкент қаласы** **15 наурыз 2024 жыл**

**Қатысқандар:** №2 Облыстық перинаталдық орталығының басшысы Э.А.Кожахметова, заңгер У.Б.Аманкулова және бөлім меңгерушілері, дәрігерлер, орта және кіші медициналық қызметкерлер.

**Күн тәртібі:** Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық Кодексі және ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексін түсіндіру.

Жиналыс барысында «№2ОПО» заңгері әрі комплаенс офицері қызметін қоса атқарушы У.Аманкулова жинласқа қатысушыларды Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық Кодексі және ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптарын түсіндіріп өтті.

ҚР Қылмыстық кодексінің 15-тарауында «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жепқорлық пен өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» жазылға. Осы тараудағы жиі кездесетін сыбайлас жемқорлық қылмыстар, атап айтқанда 361-бап (лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану), 362-бап (білікті немеселауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалану), 366-бап (пара алу), 367-бап (пара беру) сынды қылмыстарға ерекше тоқталып, олар кеңінен түсіндірілді. Жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін жауапкершілік жылдан-жылға күшейтіліп келе жатқандығы, мұндай қылмыс жасағандар тек мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында қандай да бір жұмысқа, тіпті қарауыл, тазалықшы сында арнайы білім мен біліктілікті қажет етпейтін жұмысқа да тұра алмайтындығын ерекше атап өтілді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіннің 34-тарауында «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар» баяндалған. Аталған тараудағы әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жеке-жеке тоқталып, әрбір бабы бойынша түсіндірме берілді.

Соңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әсіресе квазимемлекеттік

сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша толық түсіндіру жүргізілді.

Жиналыс соңында қатысушылардың сұрақтарына жауап берілді.

**Жиналыс төрайымы** **Э.А.Кожахметова**

**Жиналыс хатшысы** **У.А.Аманкулова**